

# ШЫРАЙЛЫ ШЫМКЕНТТЕН –



## КИЕЛІ АБАЙ ЕЛІНЕ

Тараз – Балқаш сапарын еңсеріп, 397 шақырым жолды алып жатқан қара алтынның ордасы Қарағандыны бетке алдық. Қарағанды шағын қала болғанымен, жанға тыныш, адамның ойлау жүйесіне қолайлы екен. Қара алтынды өлкенің қара шаңырағы академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде болып, жоғары оқу орнының тыныс-тіршілігімен таныстық. М.Әуезов университетінің экспедиция мүшелерін Е. Бөкетов университетінің Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры М. Сыздықов қарсы алды.

Әрмен қарай Қарағандыдан 43 шақырым жердегі КарЛАГ Саяси құғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейіне (бұрынғы НКВД ғимараты) ат басын тіредік. Тарих пен ғылыми құжаттардағы неше түрлі оқиғалар, айыптаулар мен азаптауларды һәм кітап беттеріндегі ақпарларды өз көзіңмен



лер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда, солар

дың тарихи болмысы мен қайраткерлігін перзенті Абайдан асырып

Таулар, таулар қашанғы қасқа алыптар,  
Меңдей сені сезді ме басқа жұрттар.  
Ақ шашты әжем секілді тұрып алды  
Қарқаралы басында ақша бұлттар.  
Оның басын бұлт ұшпас жанап өтпей,  
Құшады тау бәрін де алаң етпей.  
Қарқаралы секілді аэродром  
Ақша бұлттар ақ қанат самолеттей, – деп сыр шашады. Қадыр ақын болса:

Сәби көңіл жолдас ертіп қасыңа.  
Сонда барда мінәжат қыл тасына.  
Көлге айналып бір пұшпағы аспаннның

Ағып түскен Қарқаралы басына, – деп тау басындағы «Шайтанкөлді» аспаннан ағып түскен Құдайдың сыйы деп бағамдайды.

Арқаның алтын тәжіне жасаған сапарымыз осымен тәмам. Ендігі

айналған. Музейді көне көз қария, белгілі абайтанушы Бекен Исабаев ақсақалдың перзенті Шағжан Исабаев ағамыз басқарады. Ат тұяғын тай басар дегендей, Шағжан ағамыздың өзі тұнып тұрған шежіре. Бөрілідегі музейді таныстырған һәм сол мекемеге 36 жылын арнаған Гүлзат апайға шексіз алғыс.

12 маусымда Семей қаласындағы «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейіне барып, Абайдың мұраларын, медреседе оқыған кітаптарын тұтынған заттарын, т.с.с. түгел араладық. Бұл музейге бүгінде Тұрдыгүл Шаңбай ағамыз басшылық етеді. Музейден соң реставрациядан өткен Ахмет Риза медресесінде болдық. Медресенің есігі сол күйі сақталған екен. Қорық музейдегі құндылықтарды жазып та, санап түге алмайсың. Осындай зор шабытпен Семейден 342 шақырым жолды басып өтіп Аягөзге аялдап, кейіннен 512 шақырым жолды бағындырып Талдықорған қаласына жеттік. Талдықорғанда аялдамастан бірден 189 шақырымды артқа тастап, қазақтың аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімін жаңадан алған Қапшағайға жеттік. Қонаев салдырған «Қапшағай» су қоймасында болып, ауасымен тыныстап, ұлт мақтанышының зор абыройға кеңелгенін, еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін жақсы көретінін ойласаң кеуденді мақтаныш сезімі кернейді. Д. Қонаев қаласынан кейінгі бағытымыз Ақ басты Алатау – Алматы болды.

Ал, 14 маусымның таңын Қ.Сәтбаев университетінің жағажана-сында атырдық. Содан сағат 9:00 М. Әуезов атындағы әдеби-мемориалдық мұражай-үйін ат басын бұрып, ұлы жазушының кітапханасын, қолданған бұйымдарын, жатын бөлмелеріне дейін аралап шықтық. Бұл мемориалдық мұражай үйді бүгінде М. Омарханұлының жиені, Д.Қонаевтың немере інісі, Ә.Марғұланнның күйеу баласы – Диар Қонаев басқарып отыр. Элита деген осы. Үш жұрты да түркі

неше түрлі оқиғалар, аиыптаулар мен азаптауларды һәм кітап беттеріндегі ақпарларды өз көзіңмен көріп, оны тұла бойыңмен сезіну қаншалықты ауыр десеңіші. Қамралардағы темір төсек пен тас еден, тергеу бөлмелеріндегі қанды қабырғалардың іздері әлі де менмұнда лап, қасіреттің мұңын шерттіп тұр. Мұнан бөлек, КарЛАГ-тан 1 сағаттық жердегі «Шахта музейінде» болдық, 15 метр тереңдіктегі жер астында орналасқан көмір шахтасының музейіне түсіп, басымызға қасқа киіп, бір сәт шахтердің кейпіне ендік, жер астында ауа температурасы -5, -6 градустан төмен. Шахтерлардың өмірі шынында да оңай емес, темірдей төзімділік пен берік шыдамдылықты қажет ететін сала.

Қара алтынды өлкедегі сапарымызды тәмамдап, Құнанбай қажы «аға сұлтан» болған һәм мешіт салған Қарағандыдан 257 шақырым жердегі «Арқаның алтын тәжі атанған» Қарқаралыны бетке алдық. Әуелгі тоқтаған жеріміз – Қарқаралыдағы «Қарқабат» ана кесенесі болды. Мұнда бізді Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары С. Әлиұлы күтіп алды. Қарқаралы топырағы – Эл-Фарабиді төрткүл дүниеге танытқан Ақжан әл-Машани, Тәттімбеттей күйші, Мәди Бәпиұлы сынды әнші-композитор, атақты математик Әлімхан Ермеков, Кеңес Одағының батыры, ұшқыш Нұркен Әбдіров, ақын Қасым Аманжолов, Тоқтар Әубәкіров сынды тарландарды тудырған қасиетті өлке. Осы күні Қарқаралыдағы мектеп интернатының жатақханасына түнеп, 10 маусым күні еліміздегі ең ірі тарихи-мәдени орын саналатын – «Құнанбай қажы» мешітіне жол тарттық. Құнанбайдың қазаққа жасаған жақсылығы аз емес. Қазақ әдебиеттану ғылымының атасы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұв «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Абай Семей облысының қазағы, руы Тобықты. Ұлы атасы Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры һәм ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға жайлы деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би халық арасында ғаділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыстағы елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітиседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты төре-

лер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен», – дейді. Құнанбай Тобықты елінің ішіндегі «Есентайдың қызылы» деген жерден училище (медресе) ашқан. Қүнекең медресе салумен шектеліп қана қоймай, мұнан соң елді иманға шақыратын Алланың жердегі үйі – мешіт салуды ойға алады. 1849-1852 жылдары Қарқаралыда аға сұлтандық қызметте жүргенде шекара басқармасына хат жазады. Бұл туралы Бейбіт Сапаралы «Құнанбай қажы» кітабында: «1848 жылғы 16 наурызда Шекара басқармасының құрылыс бөліміне Қарқаралы дуанының кеңесшісі атынан төмендегідей мазмұнда хабарлама жолданады. Онда: «Осы округтің аға сұлтаны, майор Тәукин мен Кішік-Тобықты болысының болыснайы, хорунжий Өскенбаев өздерінің 17-ақпандағы хабарламасында Қарқаралы селосында мешіт салу жайындағы талабымызды Жоғарғы мәртебелі ұлықтар қолдап және құрылысты бастамақ ниетіміз бар еді. Бірақ Қарқаралыда бұндай құрылысқа пайдалануға жарайтын бос, ерікті адамдар болмай отыр. Сол себептен Қарқаралыдағы ротаның солдаттарын мешіт салу ісіне пайдалануға болмас па екен? Оларға тиесілі заңды еңбек ақыларын төлер едік, немесе қандай да болмасын жағдайларын туғызар едік, – деген. Осы жөнінде айтылғандарды Сіздің мәртебеңізге хабарлап отырмын. Қарқаралы дуанының приказ кеңесшісі» (қол қойған), – деп жазылған. Міне, тап осы кезеңнен кейінгі архив істерінде Құнанбай мырза есімі өзге болыснайларға қарағанда ерекше аталып, мешіт салу жұмысына байланысты жиі-жиі көзге көріне бастайды», – (Б.Сапаралы. «Құнанбай қажы» 1995 ж, 216 бет.) деп атап көрсетеді. Соның негізінде мешіттің құрылысы 1850 жылы 7 қаңтарда басталып, 1851 жылы 18 қыркүйекте аяқталады. Нысанның ені 15 метр, ұзындығы 11, ал биіктігі 6 метр. Мұнда бір уақытта 300-ден астам адам намаз оқи алады екен. Мешітке 1990 жылы арнайы жөндеу жұмыстары басталып, 1991 жылы нысан толыққанды реставрациядан өтеді. Қарқаралы өңірі тұрғындарының сөзіне сүйенсек, мешіт ғимаратына реставрация жұмыстары қазақтың аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ықпалымен жасалған деседі. Құнанбай мен Қонаевтардың осындай қайталанбас ерен еңбектері баршамызға үлгі болса керек-ті. Құнанбай-

дың тарихи болмысы мен қайраткерлігін перзенті Абайдан асырып айта алмасымыз анық:

Арғы атасы қажы еді  
Бейштен татқан шәрбәтті.  
Жарықтықтың өнері  
Айтуға тілді тербетті.  
Адалдық, ақыл жасынан  
Қозғапты, тыныштық бермепті,  
Мал түгіл жанға мырза еді,  
Әр қиынға сермепті.  
Мұңды, шерлі, жоқ-жітік  
Аңсап алдын көрнепті.  
Бәрінің көңілін тындырып,  
Біреуін ала көрмепті.  
Әділ, мырза, ер болып,  
Әлемге жайған өрнекті.  
Тәубесін еске түсіріп,  
Тентекті тыйып, жерлепті.  
Қазақтың ұлы қамалап,  
Іздеген жүзін көрмек-ті.  
Ақылынан ап қайтқан  
Өлгенше болар ермекті.  
Ол сыпатты қазақтан  
Дүниеге ешкім келмепті.  
Өлмейтін атақ қалдырып,  
Дүниеге көңілін бөлмепті.  
Жарлығына Алланың,  
Ерте ойлаған қонбек-ті.  
Олар да тірі қалған жоқ,  
Тірлік арты өлмек-ті, –  
деп толғайды.

Қарқаралыдағы сапарымыз мұнан әрмен Қарағанды облысы Қарқаралы қаласының оңтүстік-батысында 5 км жерде, Бұғылы тауының теңіз деңгейінен 1200 м биіктігінде орналасқан – Шайтанкөлде жалғасты. Шайтанкөлге дейін 4,5 км биіктікті жаяу бағындырдық, Шайтанкөл – тарихи һәм әдеби мекен. Шабытыңа қамшы басып, дертіңе шипа болатын Шайтанкөлдің шексіз жақсылығын Сәбит, Сырбай мен Қадырлар жырға қосты. Сәбит Мұқанов атақты «Сұлушаш» поэмасында:

...Шайтанкөл Бұғылының  
қыр басында,  
Саладай қарағайдың арасында.  
Сол қарағай ішінде іші пысып,  
Зар болып көзге ілінер Қарасынға,  
Жан-жағына жауандай үрейленіп,  
Екі биік қабақтың арасында,  
Сұлушаш ұзақ терең ойға кетіп,  
Тұрды көлдің бір биік жағасында, –

...Көңіл қап Жылыжұрттың  
ырымына,  
Сайтанкөл бар дегенде Бұғылыда.  
«Адамға сайтан дұспан» деген  
елдің,  
Қарамай сіңіп қалған ұғымына.  
Ол дағы біздей қашқын есіркер деп,  
Барды ол Сайтанкөлге тығылуға.  
Барлығы аппақ болса, ол сұмның да,  
Жүрегі оларды аяп жылыды ма? –  
деп жырласа, Сырбай ақын:

Арқаның алтын тәжіне жасаған  
сапарымыз осымен тәмам. Ендігі  
түзеген бағытымыз, Қарқаралыдан  
460 шақырым жердегі Абайдың  
елі. Абай облысы. Абай басқан  
топырақ; Жидебай, Қарауыл, Ақшоқы,  
Бөріліге жол тарттық. 10.06 күні түнде  
Шәкәрім атындағы ШҚУ-дың жатақханасына түнеп, 11 маусым таңертең Семейден 180 шақырымдай шалғайда орналасқан Жидебайға тарттық. «Тереңнен суырып, таңдайды қуырып айтатын, ешқашан ешкімге, ештеңеге ұқсамай, елден ерек мүсінделген» (авт. Әбіш Кекілбаев) Асқар Сүлейменов «Шашылып түскен тіркестерінде»: «Талант – тұяқ, Абай – жол. Сол жолмен анау Жидебайға, мынау Қарауылға кемеңгер де келеді, кеше де келеді. Мұнда «үйренемін» деп, «үйретемін» деп келмеу керек... Мұнда тазарамын, арыламын деп келу керек. Елдің неге келгенін білмеймін. Мен өзім арыламын деп келдім...». Міне, Асекең айтқандай, біз де бұл сапарға арыламын, тазарамын деген ниетпен келген едік. Жолда «Еңлік-Кебек» мазарына аялдап, құран оқыдық. Шәкәрім қажының «Еңлік-Кебек» дастанындағы мына жолдар:

Тастады бесігімен баласын да,  
Обалға өшіккен ел қарасын ба?  
Еңлік-Кебек моласы бүгін  
де бар

Таймақ пен Ералының арасында, – деп суреттейтін Таймақ пен Ералының арасындағы қос ғашық Еңлік пен Кебектің қабірі бізді ұзақ ойға қалдырды. Адал махаббат, араға қыл түспеген сенім, бәрі-бәрі осы қос ғашықтың бойларынан табылды. Алла оларды рақымына бөлегей!

Жер кіндігі саналатын – Жидебайдағы әсерді ауызбен айтып, сөзбен жазып жеткізу мүмкін емес. Абайдың, Шәкәрімнің, қос ана: Зере мен Ұлжанның, Ғабидханның басына құран бағыштап, дұға жасадық. Жидебайдағы Абайдың үйіндегі заттарға қарап, өркениеттің, медицинаның көкесі қазақтың топырағында болған екен-ау деген ойға келдім. Бел ауыртпайтын бөстек, қара суға дейін автоматты түрде зарарсыздандыратын ыдыстардың барлығын да осы үйден табасыз. Жидебайдан Бөріліге кері оралдық. Бөрілі мен Семейдің арасы 80 шақырым деседі. Бөрілі – Мұхтардың туып, балалық шағы өткен жері. Туған жері туралы Мұхтан естелігінде: «...Мұңлы қоңыр туған анам, туған жерім Бөрілі» деген екен, жарықтық! Мұнда Мұханның анасы – Нұржамал, әкесі – Омархан жерленген. Бөрілідегі үй бүгінде мемлекеттік музейге

інісі, Ә.Марғұланнның күйеу баласы – Диар Қонаев басқарып отыр. Элита деген осы. Үш жұрты да түркі халқына белгілі марғасқалар. Д.Қонаевқа биыл 110 жыл. Алла рақымына бөлесін!

Сағат 11:00 шамасында Д.Қонаевтың мұражай-үйін аралап, 75 жылдық тарихы бар Ұлттық Ғылым академиясының жұмысымен таныстық. Осы күні студенттер Шымбұлақтың шыңын бағындырып, Көк төбеге көтеріліп, Алматыны тамашалады.

Маусымның 15-і күні университет ректоры, ҰҒА академигі Дария Пернешқызы Қожамжарова экспедиция мүшелерімен Ғылым Ордасында жүздесті. Бұл жүздесуде ректорымыз ғылым жайынан, академияның құрылу тарихы жайынан дәріс оқыды. Академик Болат Көмеков студенттерге ағалық кеңесін айтып, экспедицияның маңызына тоқталып, жастарға сәттілік тіледі. Экспедицияның ақырғы нүктесі Қаскелеңдегі С.Демирел университетінде қойылды. С.Демирел нағыз өркениеттің, білім мен ғылымның, замануи технологияның қара шаңырағы екен. Соған көз жетті. Демирелдегі сапарды тәмамдап, Алматыға қош айтып, қарт Қаратауды бетке алып, шырайлы Шымкентке, туған жерге жол тарттық!

«Алтын терек, арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен өлмейсің! Еліңнің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде-бір жан болса, соның да кеудесінде сенің атың бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды!.. Алдың жарқын, өзің солай сеніп ең... Ана жұртың сені өлді демейді!». Бұл «Абай жолы» романындағы Дәрменнің монологы. Абайға берілген баға. Иә, Абайдың тірлігі бірге жасайды, мәңгі жасайды оның нұры мәңгі жарқырайды!.. Алды жарқын. Соған көз жетті. Бұл сапар – университет тарихында алғаш рет қолға алынған жоба болды. Лайым жалғасын тапсын. Жастар Құнанбай мен Қонаевқа дейінгі аралықты еш мүдірместен, қиналмастан жүріп өтті. Естерінде мәңгі сақталатын болады, бұл сапар. Осы әсемізді «Құнанбайдан Қонаевқа» дейін деп атауды жөн көрдік. Расында да солай, «Құнанбайдан Қонаевқа дейін».

Тәмам!

Әзімхан ИСАБЕК,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
«Мұхтартану» ғылыми-зерттеу  
орталығының қызметкері,  
гуманитарлық ғылым  
магистрі